

*Өмірбаева Сәуле Өмірсерікқызы,
Оңтүстік Қазақстан облыстық жас
туристер станциясы директорының
орынбасары*

Қазақстан Республикасындағы қосымша білімді дамытудың стратегиялық тәсілдері

Қазіргі таңда өмір де, қоғам да күнделікті өзгеріске ұшырауда, оған ақпараттық технология әсері мен талаптың өзгеріп тұруы басты себеп.

Осы қажеттіліктің орнын толтыруға отбасы мен мектепке дейінгі және мектепте берілетін білім мен тәрбие аздық етеді. Өскелең ұрпақтың толыққанды жеке дамушы, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуына және әлеуметтік, қоғамдық өмірге икемделуіне, бейімделуіне қосымша білім саласының атқаратын рөлі аса маңызды.

Республикада алғаш рет негізгі білім мен қосымша білімнің өзара тең құқылы түрде бір-бірін толықтыра жұмыс атқаруы тиімділігін көрсетуде. Осы бірлесудің арқасында балаға білім мен тәрбие берудің сапасы сөзсіз артады, осыны әсіресе білім беру мекемелерінің ескеруі өте қажет. Және бұл мәселе тек білім, қосымша білім саласы, ата-аналардың ғана емес қоғам мен үкіметтің қызығушылығын туғызуы тиіс.

Біздің балалар мен жасөспірімдердің туристік-өлкетану саласы өскелең ұрпақты әлеуметтік, қоғамдық өмірге өзіндік көзқарасы бар, саналы, жігерлі, барлық құбылыстарды қалыпты жағдайда қабылдай алатын, қиындыққа мойымайтын, өз елін, жерін сүюге, патриоттыққа тәрбиелеуші бірден бір құрал, бір сөзбен айтқанда туризм – тәрбиенің басты тетіктерінің бірі.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа ұсынған «100 нақты қадам» ұлттық жоспарындағы «Мәңгілік ел» патриоттық тәрбиені жүзеге асыру да қосымша білімнің негізгі мақсаты.

Қазақстан Республикасындағы қосымша білімді дамытудың стратегиялық тәсілдері қосымша білім саласының жұмысын дамыту мен жақсартуда туындайтын барлық өзекті мәселелерді жан-жақты жақсы қамтыған және біздің барлық идеямызды орындаушы, жұмыс сапасын жақсартушы, кадрлар арасында бәсекелестікті дамытушы, қосымша білім мен жергілікті атқарушы органдармен өзара түсіністік пен қолдауды талап ететін негізгі құжат.

2015 жылғы сәуірде Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен және Раиса Петровнаң басқаруымен Республикалық үйлестіру кеңес бірнеше министрліктердің өкілдері мен ҚР Мәжіліс Парламенті депутаттарының қатысуымен, шетел мамандарымен бірлесіп, барлық облыстардағы жас туристер станциялары қызметкерлерін арнайы шақыра отырып, халықаралық деңгейде өте

тамаша өтті. Облыс әкімі мен қала әкімінің, білім басқармасымен өзара бірлескен жұмыстарының нәтижесінде туристік-өлкетану жұмысы республикадағы барлық облыстарға үлгі болып отырғаны қуантарлық жетістік. Әсіресе облыс әкімі Н. Ноғажевтың балалар туризмін дамытуда барлық аудан әкімдері арасында арнайы рейтинг ұйымдастыруы бірден-бір құптарлық тәжірибе.

Қорыта айтқанда, өз тарапымнан қосымша ұсыныстарым: үйірмешілерді тек қана республикалық емес келешекте Халықаралық туристік-өлкетану іс-шараларға көптеп қатыстыру, өскелең ұрпақты «Ұлттық салт-дәстүр мен отбасылық құндылықтарға баулу» мақсатында «Киіз үй» түріндегі шатырлы лагерь жобасын қолға алу.

Мәңгілік еліміздің мерейі әрдайым үстем болсын, мақсаттарымыз жүзеге асын!

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!